

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне ақшалай үлес, жәрдемақылар мен басқа да төлемдер төлеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 200 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 13 наурызда № 32048 болып тіркелді.

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 44-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне ақшалай үлес, жәрдемақылар мен басқа да төлемдер төлеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы (Е.С. Ботақанов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары - Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-майор Е.С. Ботақановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі*

М. Ахметжанов

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
2023 жылғы 3 наурыздағы
№ 200 Бұйрықпен
бекітілген

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне ақшалай ризықты, жәрдемақылар мен басқа да төлемақыларды төлеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне ақшалай ризықты, жәрдемақылар мен басқа да төлемақыларды төлеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Әскери қызмет туралы Заң) 44-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Ұлттық ұлан туралы Заң), "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғыларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығына, "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығына, "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын барлық органдар үшін қызметкерлерге еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы" (бұдан әрі – Еңбекақы төлеу жүйесі) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне ақшалай ризықты, жәрдемақылар мен басқа да төлемақыларды төлеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әскери қызмет – егемендікті, аумақтық тұтастықты және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының қол сұғылмаушылығын қарулы қорғаумен байланысты әскери қауіпсіздікті тікелей қамтамасыз етуге бағытталған Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери қызметшілерінің мемлекеттік қызметінің ерекше түрі;

2) әскери қызметшілер – Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметте болатын Қазақстан Республикасының азаматтары;

3) келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер – Әскери қызмет туралы Заңмен айқындалатын мерзімге Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда ерікті түрде әскери қызметтегі Қазақстан Республикасының азаматтары;

4) әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер – Әскери қызмет туралы Заңда көзделген мерзімге Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға әскери қызметке шақырылған Қазақстан Республикасының азаматтары;

5) әскери лауазым – әскери қызмет функцияларын орындау үшін лауазымдық өкілеттіктер, лауазымдық және арнайы міндеттер жүктелген Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың штаттық бірлігі;

6) әскери атақ – әскери қызметшіге және әскери міндеттіге берілетін әскери айырым белгісі;

7) офицерлер – офицерлік құрамның тиісті әскери атақтары берілген әскери қызметшілер;

8) сержанттар (старшиналар) – сержанттық құрамның тиісті әскери атақтары берілген әскери қызметшілер;

9) сарбаздар (матростар) – қатардағы құрамның тиісті әскери атақтары берілген әскери қызметшілер;

10) еңбек сіңірген жылдары – азаматтың әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, фельдъегерлік қызметте, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда қызметте болуының күнтізбелікпен де, жеңілдікпен де есептеп шығарылатын ұзақтығы;

11) әскери қызметтен шығару – әскери қызметшіні Әскери қызмет туралы Заңда көзделген негіздер бойынша запасқа қойып немесе отставкаға шығара отырып, әскери бөлімнің (мекеменің) тізімдерінен алып тастау;

12) ауыспалы құрам – Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың штат санына кірмейтін әскери, арнаулы оқу орындарында білім алып жатқан Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери қызметшілерінің санаты;

13) әскери интерн – әскери интернатурада білім алып жатқан әскери қызметші;

14) адъютант – жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдік әскери оқу орнында білім алып жатқан офицерлік және сержанттық құрамдардың әскери қызметшісі;

15) докторант – докторантурада білім алып жатқан әскери қызметші;

16) курсант – жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орнында немесе шетелдік әскери оқу орнында білім алып жатқан, оны бітіргеннен кейін офицерлік құрамның бірінші әскери атағы берілетін әскери қызметші;

17) магистрант – магистратурада білім алып жатқан әскери қызметші.

3. Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді, әскери оқу орындарының курсанттарын қоспағанда, әскери қызметшілердің ақшалай ризығы ақшалай қамтылымды (лауазымдық айлықақыны және әскери атағы бойынша айлықақыны), қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақыларды және Еңбекке ақы төлеу жүйесінде көзделген қосымша ақыларды қамтиды.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің, әскери оқу орындарының курсанттарының ақшалай ризығы (стипендиясы) лауазымдық айлықақыны ғана қамтиды.

4. Ақшалай ризықты төлеу Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

5. Әскери қызметшіге тиесілі және оған уақтылы төленбеген немесе мөлшерден аз төленген ақшалай ризық талап мерзімінің өтуі шегінде әскери қызметшінің оған құқығы болған барлық кезең үшін төленеді.

Жеке істерде есеп алынбаған қызмет мерзімдері расталған жағдайда лауазымдық айлықақы мөлшерін анықтау үшін жаңадан белгіленген мөлшердегі ақшалай ризық:

әскери қызметші растайтын құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда өткен кезеңді қайта есептемей, өтілін белгілеу жөніндегі хаттамаға қол қойған күннен бастап;

әскери бөлім (республикалық мемлекеттік мекеме) уақтылы расталған қызмен кезеңін есептемеген жағдайда барлық қызмет кезеңі үшін төленеді.

Ұсынылған құжаттарды қарау және жаңадан белгіленген мөлшерлер бойынша төлем жүргізу күнтізбелік 30 күн ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 24.09.2025 № 708 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Атқаратын лауазымдарын әскери қызметшілерге арналған лауазымдарға жатқызуға және әскери қызметшілердің өтілі мен әскери атағы бойынша жалақысына байланысты лауазымдық жалақының мөлшері Еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес айқындалады.

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің лауазымдық айлықақысының мөлшерін айқындау үшін әскери бөлімде (республикалық мемлекеттік мекемеде) лауазымдық айлықақыны белгілеуге құқық беретін қызмет өтілін есептеу жөнінде комиссиялар құрылады. Әскери бөлімдегі (республикалық мемлекеттік мекемедегі) комиссияның құрамына қаржы, заң, кадр бөлімшелерінің лауазымды адамдары (кадр бөлімшесі болмаған жағдайда – жеке құрамның есебін жүргізетін адамдар) енгізіледі.

Комиссияның қызмет өтілін есептеу туралы шешімі жаңадан келген әскери қызметші лауазымға тағайындалғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді екі данада жасалады (бір данасы – кадр бөлімшесіне, екіншісі – қаржы бөлімшесіне).

Штатта қосарлы атауы бар лауазымдар бойынша лауазымдық айлықақы лауазымның бірінші атауы бойынша белгіленеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 24.09.2025 № 708 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Әскери қызметтен шығарылатын әскери қызметшіге "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғыларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен белгіленген мерзімдер шегінде істері мен лауазымын тапсырған уақыт үшін, сондай-ақ оған істері мен лауазымын тапсырғаннан кейін шығарылу кезінде берілетін жыл сайынғы негізгі демалыс уақыты үшін ақшалай ризық атқаратын әскери лауазымы бойынша төленеді.

Мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген әскери қызметшілерге ақшалай ризық, жәрдемақылар мен басқа да

төлемдерді төлеу "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығына сәйкес жүргізіледі.

7-1. Резервте әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерге (бұдан әрі – резервтегі әскери адамдар) ақшалай төлемдер Әскери қызмет туралы Заңның 44-бабының 1-1-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ақшалай төлемдерді резервтегі әскери адамдар резервте қызмет өткеру үшін кірген әскери бөлім (республикалық мемлекеттік мекеме) келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге ақшалай ризық төлеумен бір мезгілде ай сайын әскери бөлім командирінің (бастығының) бұйрығы негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тарау 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 24.09.2025 № 708 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Семей ядролық полигонының ядролық сынақ аумақтарында және экологиялық қасірет аймағында тұрғаны үшін келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге қосымша төлем жүргізіледі, еңбекақы "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" және "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында айқындалған мөлшерде коэффициентті және тәртіпті қолдана отырып, белгіленеді.

9. Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін міндеттерді тұрақты орналасу пунктінен тыс орындауға тарту кезеңінде Ұлттық ұлан туралы Заңның 27-бабына сәйкес үш еселенген мөлшерде ақшалай қамтылым төленеді. Төлеуге арналған негіз Ұлттық ұланның әскери қызметшілерін міндеттерді тұрақты орналасу пунктінен тыс орындауға тарту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің шешімін іске асыру үшін шығарылған командирдің (бастықтың) бұйрығы болып табылады.

10. Толық бір ай қызмет өткермеген әскери қызметшіге тиесілі ақшалай ризықтың мөлшері осы айда қызмет өткерген күнтізбелік күндердің нақты санына байланысты пропорционалды түрде айқындалады.

Әскери қызметші әскери қызметте дәлелсіз себептермен болмаған жағдайда, қамау түріндегі жазасын өтеу уақытында сотталған әскери қызметшіге, гаупвахтада әкімшілік қамауды өтеу уақытында ақшалай ризық әскери қызмет міндеттерін нақты орындаған күндеріне пропорционалды түрде командирдің (бастықтың) бұйрығы негізінде төленеді. Бұйрықта әскери қызметте нақты болмаған күндері көрсетіледі. Ақшалай ризықты пропорционалды түрде есептеу үшін бір айдағы күнтізбелік күндер қолданылады.

2-тарау. Әскери қызметшілерге ақшалай ризық төлеу

1-параграф. Шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші мен курсанттан басқа әскери қызметшінің әскери атағы бойынша жалақысы

11. Әскери қызметшіге әскери атағы бойынша жалақысы әскери атақ беру туралы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап төленеді. Жеке құрамды есепке алу жөніндегі бөлімше үш күндік мерзімде қаржы органын әскери атақтың берілгені туралы таныстырады.

12. Әскери қызметке алғаш рет шақырылған әскери қызметшіге әскери атағы бойынша жалақы жергілікті әскери басқару органынан әскери қызмет өткеру орнына кету туралы бұйрық шығарылған күннен бастап төленеді.

13. Келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылданған әскери қызметшіге әскери атағы бойынша жалақы әскери бөлімнің (республикалық мемлекеттік мекеменің) жеке құрамы тізіміне тіркеу туралы бұйрықтың шыққан күнінен бастап төленеді.

14. Әскери қызметке құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардан ауыстырылған әскери қызметшіге әскери атағы бойынша жалақы Әскери қызмет туралы заңның 20-бабына сәйкес әскери атақ беру туралы бұйрықтың негізінде төленеді.

2-параграф. Офицерлер құрамы әскери қызметшісінің лауазымдық айлықақысы

15. Қызмет өтілінің көбеюіне байланысты лауазымдық айлықақыны арттыру кезінде лауазымдық айлықақыны есептеу пропорционалды түрде лауазымдық айлықақының арттырылған күнінен бастап жүргізіледі.

16. Әскери оқу орнын бітірген офицерге офицерлік атақ берілген күннен бастап істер мен лауазымды қабылдаған күнге дейін взвод командирінің лауазымы бойынша лауазымдық айлықақы төленеді.

17. Әскери қызметке алғаш рет шақырылған офицерге жергілікті әскери басқару органынан әскери қызмет өткеру орнына кеткен күннен бастап істер мен лауазымды қабылдаған күнге дейін лауазымдық айлықақысы взвод командирінің лауазымы бойынша төленеді.

18. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кірген офицерге әскери бөлім жеке құрамының тізімдеріне енгізу туралы бұйрық шыққан күннен бастап істер мен лауазымды қабылдағанға дейін лауазымдық айлықақысы взвод командирінің лауазымы бойынша төленеді.

19. Офицерді лауазымға тағайындау кезінде, оның ішінде әскери оқу орнын бітіргеннен кейін және жаппай әскери қызметке айқындағаннан кейін атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық айлықақы істер мен лауазымды қабылдау туралы бұйрық шыққан күннен бастап төленеді.

20. Келісімшарт бойынша әскери қызметке ауысу тәртібімен құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардан келген қызметкерлерге лауазымдық айлықақы

лауазымға тағайындау және әскери бөлім жеке құрамының тізімдеріне қабылдау туралы бұйрықтың негізінде төленеді.

3-параграф. Қатардағы және сержанттар құрамы лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшінің лауазымдық айлықақысы

21. Қызмет өтілінің көбеюіне байланысты лауазымдық айлықақыны арттыру кезінде лауазымдық айлықақыны есептеу пропорционалды түрде лауазымдық айлықақының арттырылған күнінен бастап жүргізіледі.

22. Қатардағы және сержанттар құрамы лауазымына тағайындалған әскери қызметшіге лауазымдық айлықақы командирдің (бастықтың) істер мен лауазымды қабылдау күнінен бастап лауазымға кіріскені туралы бұйрығы шыққан күннен бастап төленеді.

Істер мен лауазымды қабылдағанға дейін:

1) мерзімді әскери қызметті аяқтағаннан кейін қатардағы және сержанттар құрамы лауазымына қабылданған және тағайындалған әскери қызметшіге – Еңбекақы төлеу жүйесімен белгіленген лауазымның 1 санаты бойынша лауазымдық айлықақы;

2) әскери орта арнайы оқу орнын бітіргеннен кейін қатардағы және сержанттар құрамы лауазымына қабылданған және тағайындалған әскери қызметшіге – Еңбекақы төлеу жүйесімен белгіленген лауазымның 2 санаты бойынша лауазымдық айлықақы;

3) қатардағы және сержанттар құрамы лауазымына келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылданған әскери қызметшіге – командирдің (бастықтың) әскери бөлім жеке құрамының тізіміне тіркеу туралы бұйрығы шыққан күннен бастап, Еңбекақы төлеу жүйесімен белгіленген лауазымның 1 санаты бойынша лауазымдық айлықақы төленеді.

23. Қатардағы және сержанттар құрамы лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіні бір лауазымнан басқасына ауыстырған кезде жаңа лауазым бойынша айлықақы командирдің (бастықтың) істер мен лауазымды қабылдау күнінен бастап лауазымға кіріскені туралы бұйрығының негізінде төленеді.

24. Командирдің (бастықтың) бұйрығының негізінде офицерлер құрамының бос лауазымы бойынша міндеттерді уақытша орындау жүктелген қатардағы және сержанттар құрамы лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге лауазымын атқаруға кіріскен және істер мен лауазымды қабылдаған күнінен бастап лауазымдық айлықақы төленеді.

4-параграф. Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет атқаратын әскери қызметшінің лауазымдық айлықақысы

25. Мерзімді әскери қызметке шақырылған адамға жергілікті әскери басқару органынан әскери қызмет өткеру орнына кету туралы тиісті командирдің (бастықтың)

бұйрығы шығарылған күннен бастап лауазымға тағайындағанға дейін Еңбекақы төлеу жүйесінде белгіленген лауазымның I санаты бойынша лауазымдық айлықақы төленеді.

26. Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіні бір лауазымнан басқасына ауыстырған кезде жаңа лауазымы бойынша айлықақысы лауазымға тағайындау туралы бұйрық шыққан күннен бастап төленеді.

5-параграф. Қазақстан Республикасының әскери оқу орнында және шетелдің әскери оқу орнында оқитын курсанттың, магистрант пен докторанттың лауазымдық айлықақысы (стипендиясы)

27. Келесі курсқа ауыстырылған оқыту курсына байланысты айлықақы алатын курсантқа осы оқыту курсы бойынша айлықақы келесі курсқа ауыстыру туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап, бірақ жаңа оқу жылы басталғаннан кейін төленеді.

28. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдің әскери оқу орындарында білім алып жатқан әскери қызметшіге төлемдер халықаралық шарттарға, келісімдерге және келісімшарттарға сәйкес төленеді.

29. Әскери оқу орнынан шығарылған әскери қызметшіге оқудан шығару туралы бұйрық шығарылған күннен бастап мыналар төленеді:

1) әскери оқу орнына қабылдана алдында әскери бөлімде (республикалық мемлекеттік мекемеде) әскери лауазымды атқарған адамға (үлгермеуі және тәртіпсіздігі үшін оқудан шығарылған мерзімді қызметтегі әскери қызметшіні қоспағанда) оқуға қабылданғанға дейін ол әскери бөлімде (республикалық мемлекеттік мекемеде) атқарған соңғы штаттық әскери лауазымы бойынша лауазымдық айлықақы;

2) әскери оқу орнына мерзімді әскери қызмет өткеріп жүрген кезеңінде қабылданған және үлгермеуі, сондай-ақ тәртіпсіздігі үшін шығарылғанға Еңбекақы төлеу жүйесінде белгіленген лауазымның I санаты бойынша айлықақы.

6-параграф. Әскери қызметші өкімде болған кезеңде әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқару кезінде ақшалай ризық төлеу

30. Осы әскери лауазымға тағайындауға құқығы бар лауазымды адам бос лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруды жүктеген әскери қызметшіге істер мен лауазымды қабылдағаны туралы бұйрық шыққан күннен бастап, ол міндеттерін уақытша атқаруға жіберілген әскери лауазым бойынша лауазымдық айлықақы төленеді.

Бос әскери лауазымдарға азаматтар уәкілетті органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен уақытша тағайындалуы мүмкін. Бұл ретте азаматтық персонал адамдарына лауазымдық айлықақы атқаратын әскери лауазымына сәйкес белгіленеді.

Әскери қызметшіні атқаратын әскери лауазымынан босатпай, оның бос емес әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша орындауы кезінде лауазымдық айлықақы атқаратын әскери лауазымы бойынша төленеді.

31. Әскери қызметшіге командирдің (бастықтың) қарамағына қабылданған күннен бастап соңғы атқаратын лауазымы бойынша ақшалай ризық төлеу мынадай мерзімдер ішінде сақталады:

- 1) оны басқа лауазымға тағайындаған кезде – 2 ай;
- 2) ұйымдық-штаттық іс-шараларды жүргізуге байланысты – 3 ай.

Әскери қызметшіге командирдің (бастықтың) қарамағында болған кезеңінде оған қатысты күдіктінің әрекетін жіктеу туралы қаулының шығуына не қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша бұлтартпау шарасын қолдануға байланысты – қылмыстық іс бойынша түпкілікті шешім шығарылғанға дейін ақшалай ризық төлеу тоқтатыла тұрады.

32. Ақшалай ризық алуға құқықты айқындаған кезде өкімде болу мерзіміне әскери қызметшінің жыл сайынғы негізгі демалысында, әскери-медициналық (медициналық) мекемелерде емделуде болған кезеңдері есептелмейді.

33. Әскери қызметшіге қарамағында болу кезінде лауазымдық айлықақыны төлеу кезеңінде "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" және "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Семей ядролық полигонының ядролық сынақ аумақтарында тұрғаны үшін қосымша төлем немесе экологиялық қасірет аймағында тұрғаны үшін коэффициенттерді қолдану көрсетілген қосымша төлем белгіленген аудандарда және жергілікті жерлерде командирдің (бастықтың) қарамағында болған жағдайда сақталады.

34. Әскери қызметші қарамағында болуына байланысты алу тоқтатылған ақшалай жабдықты және сыныптық біліктілігі үшін үстемеақы төлеу:

1) лауазымға тағайындалғанға – лауазымға тағайындау туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап, бұл ретте тағайындау туралы бұйрыққа қол қойған күннен бастап және әскери лауазым бойынша міндеттерді атқаруға кіріскен күнге дейінгі кезең үшін бұдан бұрын атқарған лауазымдары бойынша ақшалай ризық төленеді;

2) бос әскери лауазым бойынша міндеттерді атқаруға уақытша жіберілгенге – әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруға жіберу туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап және әскери лауазым бойынша міндеттерді атқарудан босатылған күнге дейінгіні қоса алғанда;

3) магистрантқа, докторантқа, адъюнктке және әскери резидент-дәрігерге, сондай-ақ күндізгі оқу нысаны бойынша әскери оқу орнына қабылданған курсантқа – оқуға жіберу туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап;

4) емделуге жіберілген адамға – жіберілген күннен бастап, бұл ретте ақшалай жабдықталым мен сыныптық біліктілік үшін үстемеақы қарамағында тұрған жерге оралған күнді қоса алғанда, ал әскери-дәрігерлік комиссияның шешімі бойынша науқастануы бойынша демалысқа кеткен адамға демалыс аяқталған күнді қоса алғанда төленеді;

5) жыл сайынғы демалысқа кеткен адамға – демалысқа кеткен күннен бастап, бұл ретте ақшалай жабдықталым және сыныптық біліктілік үшін үстемеақы демалыс аяқталған күнге дейінгіні қоса алғанда төленеді.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 24.09.2025 № 708 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Ақтайтын негіздер бойынша оған қатысты қылмыстық қудалау (қылмыстық іс) тоқтатылған немесе сот ақтау үкімін шығарған жағдайда әскери қызметшіге ақшалай ризық командирдің (бастықтың) қарамағында мәжбүрлі болған уақыты үшін төленеді.

36. Занды күшіне енген сот үкімімен қылмыс жасауда кінәлі деп танылған әскери қызметшіге командирдің (бастықтың) қарамағында болған уақыты үшін ақшалай ризық төленбейді.

7-параграф. Әскери қызметшіге сырқаттану кезеңінде, демалыста болған уақытта, қайтыс болған жағдайда ақшалай ризық төлеу

37. Әскери қызметшінің емделуде немесе демалыста болған кезеңінде (жүктілік және бала туу бойынша демалыста болуды, үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалыста болуды қоспағанда) ақшалай ризығы сақталады.

38. Әскери қызметші қайтыс болған жағдайда ақшалай ризық оны бөлімнің (республикалық мемлекеттік мекеменің) жеке құрамының тізімдерінен шығарған күнге дейін төленеді.

3-тарау. Ішкі істер органдарының әскери қызметшісіне қызметті өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақылар

1-параграф. Үстемеақыларды төлеу тәртібі

39. Ерекше қызмет өткеру жағдайлары үшін үстемеақы алуға құқығы бар әскери қызметшіге үстемеақы атқаратын әскери лауазымы бойынша нақты алатын лауазымдық айлықақысына төленеді.

40. Егер үстемеақы толық бір ай үшін есептелмесе, оның мөлшері осы айдағы өткерілген күнтізбелік күндердің нақты санына сүйене отырып, пропорционалды түрде айқындалады.

41. Әскери лауазымы бойынша Еңбекақы төлеу жүйесінде белгіленген үстемеақыларды алуға құқылы, әскери бөлімнен және бөлімшеден уақытша кеткен

әскери қызметшіге қызмет орны бойынша лауазымы сақтала отырып, үстемеақы төлеу сақталады.

42. Қызметтің ерекше жағдайы үшін үстемеақы әскери қызмет орны бойынша ағымдағы айдағы ақшалай үлесімен бірге төленеді.

43. Үстемеақы төлеу белгіленген лауазымдарды уақытша атқаруға белгіленген тәртіппен жіберілген әскери қызметшіге үстемеақы осы Қағидаларға сәйкес төленеді.

44. Қызметтің ерекше жағдайы үшін үстемеақы алатын әскери қызметші қызметтің ерекше жағдайы үшін үстемеақы төлеу көзделмеген бос әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша орындауға жіберілсе, оған әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша орындау кезеңінде қызметтің ерекше жағдайы үшін үстемеақы төленбейді.

45. Қызметтің ерекше жағдайы үшін үстемеақы әскери қызметшіге істер мен лауазымды қабылдаған күннен бастап Еңбекақы төлеу жүйесінде және "Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының және ішкі істер органдарының арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің әскери қызметшілерінің және қызметкерлерінің функциялары экстремизм мен терроризм актілерін, жаппай тәртіпсіздіктер және басқа да аса қауіпті қылмыстардың жолын кесуге және оқшаулауға тікелей қатысуымен байланысты лауазымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақылар белгіленетін қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің лауазымдар тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №179 қбп бұйрығында белгіленген лауазымдар тізбесіне сәйкес мөлшерде төленеді.

46. Емделуде, қызметтік іссапарда, демалыста (ақшалай ризығы сақталмай қосымша демалыста болуын, жүктілігі, бала тууы және үш жасқа толғанға дейінгі бала күтімі бойынша демалыста болуын қоспағанда) болған кезде, сондай-ақ осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес командирдің (бастықтың) қарамағында болған кезде әскери қызметшіге үстемеақы төлеу сақталады.

2-параграф. Сыныптық біліктілік үшін үстемеақы

47. Үстемеақы әскери қызметшіге сыныптық біліктілігін беру, жоғарылату, растау, сақтау, төмендету және алып тастау күнінен бастап негізгі немесе уақытша атқаратын лауазымы бойынша нақты алатын лауазымдық жалақыларына "Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің сыныптық біліктілігін беру, жоғарылату, растау, сақтау, төмендету және алып тастау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 208 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 16731 болып тіркелген) айқындалған лауазымды адамдар бұйрығының негізінде төленеді.

47-1. Ұшқыш әскери-есептік мамандығына сәйкес келетін лауазымда әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге және авиациялық техникаға қызмет көрсету жөніндегі авиациялық жерүсті маманының лауазымында қызмет өткеретін әскери қызметшіге

нақты алатын лауазымдық айлықақысына үстемеақы сыныптық біліктілігі берілген, жоғарлатылған, расталған, төмендетілген және сақталған күннен бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 267) тармақшасына сәйкес бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясы авиациялық персоналының сыныптық біліктілігін беру (растау және төмендету) туралы нұсқаулықта айқындалған лауазымды адамдардың бұйрығы негізінде төленеді.

Ескерту. 3-тарау 47-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 24.09.2025 № 708 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Сыныптық біліктілік үшін үстемеақы әскери қызмет орны бойынша ағымдағы айдағы ақшалай қамтылымды төлеумен бір уақытта төленеді.

3-параграф. Ұшқыш әскери-есептік мамандығына сәйкес лауазымда келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы

49. Ұшқыш әскери-есептік мамандығына сәйкес лауазымда әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге ерекше қызмет жағдайлары үшін үстемеақы бір мезгілде ақшалай ризық төлей отырып, тиісті командирдің аталған әскери қызметшіні ұшуларға жіберу және ерекше қызмет жағдайлары үшін үстемеақы белгілеу туралы бұйрығының негізінде төленеді.

50. Лауазымдық айлықақысынан 50 пайыз мөлшерінде үстемеақы төлеу әскери қызметшіге ай сайын үстемеақы бұйрықта көрсетілген күннен ерте емес, белгіленген күннен бастап жүргізіледі, егер бұйрықта үстемеақы белгілеу күні көрсетілмесе, үстемеақы белгілеу туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап жүргізіледі.

51. Әскери қызметші демалыста, емделуде немесе іссапарда, оның ішінде атқаратын лауазымынан босатылмай, оқуда болған кезде үстемеақы төлеу тоқтатылмайды.

52. Атқарып отырған лауазымынан босатусыз ұшу жұмысынан шеттетілген әскери қызметшіге үстемеақы осы Қағидаларға сәйкес командирдің ұшу жұмысынан шеттету туралы бұйрыққа қол қойған күніне дейін төленеді.

53. Ерекше қызмет жағдайлары үшін үстемеақы алатын, осы үстемеақыны төлеу белгіленбеген бос әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруға жіберілген әскери қызметшіге әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқарған кезең үшін үстемеақы төленбейді.

54. Үстемеақы төлеу белгіленген бос әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруға белгіленген тәртіппен жіберілген әскери қызметшіге осы үстемеақылар осы Қағидаларға сәйкес төленеді.

4-параграф. Авиациялық техникаға қызмет көрсету жөніндегі авиациялық жерүсті маманына қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы

55. Авиациялық техникаға қызмет көрсету жөніндегі авиациялық жерүсті маманына қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы бір мезгілде ақшалай ризық төлей отырып, тиісті командирдің әскери қызметшіні авиациялық техникаға қызмет көрсетуге жіберу және ерекше қызмет жағдайлары үшін үстемеақы белгілеу туралы бұйрығының негізінде төленеді.

56. Лауазымдық айлықақысынан 50 пайызға дейінгі мөлшерде үстемеақы төлеу әскери қызметшіге ай сайын үстемеақы бұйрықта көрсетілген күннен ерте емес, белгіленген күннен бастап жүргізіледі, егер бұйрықта үстемеақы белгілеу күні көрсетілмесе, үстемеақы белгілеу туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап жүргізіледі.

57. Әскери қызметші демалыста, емделуде немесе іссапарда, оның ішінде атқаратын лауазымынан босатылмай, оқуда болған кезде үстемеақы төлеу тоқтатылмайды.

58. Атқарып отырған лауазымынан босатусыз авиациялық техникаға қызмет көрсетуден шеттетілген әскери қызметшіге үстемеақы осы Қағидаларға сәйкес командирдің авиациялық техникаға қызмет көрсетуден шеттету туралы бұйрыққа қол қойған күніне дейін төленеді.

59. Әскери қызметшіге қызметтің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы төлеу лауазымнан босатылған күннен бастап немесе үстемеақы төлеу көзделмеген әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша орындауға кіріскен күннен бастап тоқтатылады.

60. Ерекше қызмет жағдайлары үшін үстемеақы алатын, осы үстемеақыны төлеу белгіленбеген бос әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруға жіберілген әскери қызметшіге әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқарған кезең үшін үстемеақы төленбейді.

61. Үстемеақы төлеу белгіленген бос әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруға белгіленген тәртіппен жіберілген әскери қызметшіге осы үстемеақылар осы Қағидаларға сәйкес төленеді.

5-параграф. Шифрлау жұмысы үшін үстемеақы

62. Шифрлау жұмысы үшін лауазымдық айлықақыға ай сайынғы үстемеақы мемлекеттік шифрлау құралдарымен, оларға теңестірілген құжаттармен және материалдармен (шифрларды есепке алу және сақтау, шифрлау техникасын пайдалану және жөндеу, құжатталған ақпаратты шифрлау-шифрын ашу, шифрлау қызметінің кадрларын оқыту) жұмыс істеумен тікелей айналысатын және шифрлау қызметінің органдарында штаттық лауазымда тұрған әскери қызметшіге белгіленеді. Әскери оқу орындары мен оқу бөлімшелерінде үстемеақы шифрлау қызметінің курсанттарын

тікелей оқытатын адамға, сондай-ақ оқу процесін қамтамасыз ететін адамға (оқу бөлімшесінің, негізгі құжаттама тобының, құпия іс жүргізу бөлімшесінің бастығы, нұсқаушы, зертханашы, техник және шифрлау техникасын жөндеу жөніндегі шебер) төленеді.

Шифрлау жұмысындағы өтіліне байланысты үстемеақы Еңбекақы төлеу жүйесінде белгіленген мөлшерде төленеді.

Қолмен кодтау құжаттарымен жұмыс істегені үшін үстемеақы төленбейді.

63. Шифрлау жұмысындағы өтілді айқындау кезінде мемлекеттік органға, әскери бөлімге, ұйымға, мекемеге немесе кәсіпорынға тиесілігіне қарамастан, шифрлау қызметі органдарындағы құжат түрінде расталған жұмыс өтілі ескеріледі. Сонымен қатар, әскери қызметшінің әскери оқу орнында және шифрлау қызметі органдарының жұмыскерлерін даярлау бойынша оқу бөлімшесінде оқу кезеңдері, егер оқуға қабылданған күні ол шифрлау қызметі органдарында тиісті штаттық лауазымды атқарса және шифрлау жұмысын орындаса, шифрлау жұмысының өтіліне есептеледі.

Шифрлау жұмысының өтіліне шифрлау қызметі органдарындағы жұмыстағы үзілістер есептелмейді.

64. Үстемеақы әскери қызметшіге үлкен мөлшерде үстемеақы төлеуге құқық беретін жұмыс өтіліне байланысты командирдің (бастықтың) бұйрығы негізінде төленеді.

Әскери қызметшіні шифрлау қызметінің әскери лауазымы бойынша міндеттерді уақытша орындауға тағайындау кезінде және шифрлау жұмысына рұқсаты болған кезде үстемеақы төлеу командирдің (бастықтың) бұйрығында көрсетілген күннен бастап жүргізіледі.

Бұйрықта әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), атқаратын лауазымы, шифрлау жұмысындағы өтілі және пайыз түрінде белгіленетін үстемеақы мөлшері көрсетіледі.

6-параграф. Парашютпен секіргені үшін үстемеақы

65. Парашютпен секіргені үшін үстемеақы Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери қызметшілеріне Еңбекақы төлеу жүйесіне 29-қосымшаның 4-тармағына сәйкес белгіленеді.

7-параграф. Әскери қызметшілерге және ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қызметтің ерекше жағдайы үшін үстемеақы

66. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының, әскери-тергеу бөлімшелерінің, әскери полицияның әскери қызметшілеріне, ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қызметтің ерекше жағдайы үшін үстемеақы мөлшері Еңбекақы төлеу жүйесіне сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 13.06.2023 № 480 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіден басқа, әскери қызметшіге қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы мемлекеттік мекеме командирінің (бастығының) бұйрығы негізінде әскери лауазым бойынша міндеттерді орындауға кіріскен күннен бастап немесе үстемеақы төлеу белгіленген әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша орындауға жіберілген күннен бастап төленеді.

68. Егер үстемеақы толық емес айға төленуі тиіс болса, оның сомасы үстемеақының көрсетілген шекті мөлшері мен осы айдағы күнтізбелік күннің санына қарай анықталады.

69. Әскери қызметшілерге қызметтің ерекше жағдайы үшін үстемеақыны төлеу лауазымнан босатылған күннен немесе үстемеақы төлеу белгіленбеген лауазымды уақытша атқаруға кіріскен күннен бастап тоқтатылады.

4-тарау. Жәрдемақылар және әскери қызметшілерге төленетін өзге де төлемдер

1-параграф. Әскери қызметші демалысқа кеткен кезде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлеу

70. Шақыру бойынша әскери қызмет атқаратын әскери қызметшіден басқа, әскери қызметшіге жыл сайынғы негізгі демалысқа кеткен кезде демалысқа кетер күні атқаратын әскери лауазымы бойынша ақшалай ризық және жылына бір рет екі лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді.

71. Сауықтыруға арналған жәрдемақы командирдің (бастықтың) әскери қызметшінің жыл сайынғы негізгі демалысқа кетуі туралы, кейбір қызметтік қажеттілік жағдайларын қоспағанда, демалыстың басталуына кемінде үш жұмыс күні қалғанда шығарылатын бұйрықтың негізінде төленеді.

Тиісті командирдің (бастықтың) қарамағындағы әскери қызметші демалысқа кетер кезде оның соңғы атқарған әскери лауазымы бойынша лауазымдық жалақысы есепке алынады.

Бос әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша орындау жүктелген әскери қызметшіге оның атқаруына рұқсат етілген әскери лауазымы бойынша лауазымдық жалақысы есепке алынады.

Бос емес әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша орындайтын әскери қызметшіге оның атқаратын әскери лауазымы бойынша лауазымдық жалақысы есепке алынады.

72. Қарулы Күштерден, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан, құқық қорғау органдарынан және арнайы мемлекеттік органдардан ауысу (қарамағына жіберу)

тәртібімен лауазымға тағайындалған адамдарға сауықтыруға арналған жәрдемақы ауысу жылы бұрынғы қызмет орны бойынша сауықтыруға арналған жәрдемақының төленбеу фактісі расталған кезде (бұйрықтан үзінді көшірме, ақшалай аттестат) төленеді.

73. Әскери оқу орнын, оның ішінде шетелдік әскери оқу орнын бітірген соң, әскери қызметшіге жыл сайынғы демалысқа кету кезінде сауықтыруға арналған жәрдемақыны одан әрі әскери қызмет өткеру үшін келген әскери бөлім (республикалық мемлекеттік мекеме) төлейді.

74. Әскери қызметшіге оның келісімшарт (шақыру) бойынша әскери қызметке қабылданған жылы жыл сайынғы демалыс ұсыну кезінде сауықтыруға арналған жәрдемақы мөлшері екі лауазымдық жалақыны он екіге бөлу және шыққан соманы қызметке қабылданған жылғы әскери қызметтің толық айларының санына көбейту арқылы есептеледі.

75. Әскери қызметшіге үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша қосымша демалысқа кеткен және одан шыққан жылы сауықтыруға арналған жәрдемақы екі лауазымдық жалақы мөлшерінде төленеді.

Бұл ретте үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалысты бөліп пайдаланған жағдайда жыл сайынғы негізгі демалыс екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақыны төлей отырып, бірінші шыққаннан кейін бір рет қана толық ұсынылады, кейіннен жыл сайынғы негізгі демалыс пен сауықтыруға арналған жәрдемақы қызмет атқарған толық айларына барабар түрде ұсынылады.

76. Келісімшарт бойынша әскери қызметші теріс себептер бойынша әскери қызметтен шығарылған жағдайда алған сауықтыруға арналған жәрдемақы сомасын қызмет өткермеген уақытына барабар өтейтінін қоспағанда, әскери қызметші қызметтен шығарылатын жылы төленген сауықтыруға арналған жәрдемақы қайтарылмайды.

2-параграф. Әскери қызметшіні қызмет бабымен ауыстырған кезде көтерме жәрдемақы төлеу

77. Курсантты, кадетті және мерзімді қызметтегі әскери қызметшіні қоспағанда, әскери қызметшіні жаңа қызмет орнына 100 шақырымнан алыс басқа елді мекенге ауыстыру кезінде (оның ішінде әскери бөлімнің немесе бөлімшенің құрамында) оған әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай үлес мөлшерінде және отбасының әрбір мүшесіне жарты айлық ақшалай үлес мөлшерінде көтерме жәрдемақы төленеді.

Көтерме жәрдемақы әскери қызметші тағайындалған әскери лауазым бойынша жалақыдан немесе әскери бөлімнің жаңа тұрақты орналасу пунктіне келген күні атқаратын әскери лауазымы бойынша, ауыстыру күнгі әскери атағы бойынша нақты жалақысынан төленеді.

78. Әскери қызметшіні қызмет бабымен ауыстырған кезде көтерме жәрдемақы мынадай тәртіппен:

1) келісімшарт бойынша ерікті түрде әскери қызметке кіру жағдайларынан басқа, лауазымға тағайындалуына байланысты қоныс аударған және әскери қызметке алғаш шақырылған адамға - жаңа қызмет орны бойынша әскери бөлім командирінің (бастықтың) іс пен лауазымды қабылдау туралы бұйрығының негізінде;

2) іссапарға жіберілуіне байланысты қоныс аударған адамға - әскери қызметші іссапарға жіберілген әскери бөлім (республикалық мемлекеттік мекеме) соңғы атқарған лауазымы бойынша;

3) жаңа қызмет орны бойынша өкімге қабылдануына байланысты қоныс аударған адамға әскери бөлімнің (республикалық мемлекеттік мекеменің) тізіміне қабылдау туралы командирдің (бастықтың) бұйрығы негізінде соңғы атқарған лауазымы бойынша;

4) орналасу орнына келу туралы командирдің (бастықтың) бұйрығы негізінде әскери бөлімнің (республикалық мемлекеттік мекеменің) немесе бөлімшенің тұрақты орналасу орнының өзгеруіне байланысты қоныс аударған адамға соңғы атқарған лауазымы бойынша;

5) әскери оқу орнына оқуға қабылдануына байланысты қоныс аударған адамға осы әскери оқу орны тиісті бастықтың қабылдау туралы бұйрығы негізінде;

6) шетелдік әскери оқу орнына оқуға қабылдануына байланысты қоныс аударған адамға – әскери бөлім (республикалық мемлекеттік мекеме) шетелдік әскери оқу орны бастығының бір жылдан артық мерзімге оқуға қабылдау туралы бұйрығынан үзінді көшірменің негізінде соңғы атқарған лауазымы бойынша, сондай-ақ оның оқу орнына нақты көшіп барған отбасы мүшелеріне көшу фактісін растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда оқудың барлық кезеңіне төленеді.

Бұл ретте, көтерме жәрдемақыны төлеу тиісті командирлердің (бастықтардың) жоғарыда аталған бұйрықтарында көтерме жәрдемақы сомасы көрсетіле отырып ескеріледі.

79. Әскери бөлімге (республикалық мемлекеттік мекемеге) лауазымға тағайындалған және командирдің (бастықтың) басқа пунктке қоныс аудару туралы бұйрығын алғаннан кейін осы әскери бөлімге (республикалық мемлекеттік мекемеге) келген әскери қызметшіге көтерме жәрдемақы жаңа тұрақты орналасу пунктіне келгеннен кейін бір рет төленеді.

80. Жаңадан құрылған әскери бөлімге (республикалық мемлекеттік мекемеге) тағайындалған және бөлімнің уақытша орналасу пунктіне жаңа қызмет орнына келген, одан кейін оның тұрақты орналасу пунктіне қоныс аударған әскери қызметшіге көтерме жәрдемақы тұрақты орналасу пунктіне келгеннен кейін бір рет төленеді.

81. Көтерме жәрдемақыны әскери қызметшінің әрбір отбасы мүшесіне оның нақты ауысқан күнін және жеке ісінде жазылған оның отбасының құрамы туралы кадрлар қызметінің анықтамасы негізінде төленеді.

82. Әскери қызметшінің отбасы мүшелеріне көтерме жәрдемақы қаржы бөлімшесіне келесі құжаттарды:

- 1) кадр бөлімшесі берген отбасы құрамы туралы анықтама;
- 2) отбасы мүшелерінің туыстығын растайтын құжаттардың көшірмелері (неке қию туралы куәлік, балалардың, жұбайының (зайыбының) туу туралы куәліктері және басқалары);
- 3) отбасында мүгедектік тобы бойынша он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедектік алған мүгедек баласы болған жағдайда халықты әлеуметтік қорғау мемлекеттік мекемесінен мүгедектігі туралы анықтама ұсынған кезде төленеді.

83. Егер зайыбы мен жұбайы әскери қызметшілер болып табылған жағдайда олардың қалған отбасы мүшелеріне көтерме жәрдемақы олардың таңдауы бойынша әскери қызметшілердің біреуіне осы жәрдемақыны алушының ақшалай ризығының айлықақысынан төленеді.

3-параграф. Әскери қызметші қызметтен шығарылған кезде оған жұмыстан шығу жәрдемақысын төлеу

84. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге әскери қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша не әскери бөлім (мекеме) штаттарының қысқартылуына байланысты әскери қызметтен шығарылған кезде жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысы еңбек сіңірген жылдары:

- күнтізбелік 10 жылдан аз болғанға – үш айлық ақшалай қаражат;
- күнтізбелік 10 жылдан 15 жылға дейін – төрт айлық ақшалай қаражат;
- күнтізбелік 15 жылдан 20 жылға дейін – бес айлық ақшалай қаражат;
- күнтізбелік 20 жылдан 25 жылға дейін – алты айлық ақшалай қаражат;
- күнтізбелік 25 жылдан 30 жылға дейін – жеті айлық ақшалай қаражат;
- күнтізбелік 30 жылдан астам болғанға – сегіз айлық ақшалай қаражат мөлшерінде төленеді.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке қайта кірген кезде жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысының мөлшері, осы жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысы бұрын әскери қызметтен не азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарынан қызметтен шығарылған кезде төленбеген жағдайларды қоспағанда, бұрын төленген жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысы ескеріле отырып айқындалады.

Тиесілі жұмыстан шығу жәрдемақысының мөлшері бұрын төленген жұмыстан шығу жәрдемақысының мөлшерімен тең болған жағдайда жұмыстан шығу жәрдемақысы қайта төленбейді.

Жауынгерлік іс-қимылдарға, терроризмге қарсы және (немесе) бітімгершілік операцияларына қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының немесе бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының орденімен (ордендерімен) марапатталған әскери қызметшіге жұмыстан шығу жәрдемақысының мөлшері ақшалай қаражаттың екі айлықақысына ұлғайтылады.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 24.09.2025 № 708 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 24.09.2025 № 708 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

86. Әскери қызметшіге жұмыстан шығу жәрдемақысын қызметтен шығарылған адаммен түпкілікті есеп айырысқан және оған қызметтен шығару туралы құжаттар берілген кезде әскери бөлім (республикалық мемлекеттік мекеме) төлейді.

Жұмыстан шығу жәрдемақысының мөлшерін есептеу үшін еңбек сіңірген жылдары әскери бөлімнің (республикалық мемлекеттік мекеменің) кадр бөлімшесі берген анықтаманың негізінде айқындалады.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 24.09.2025 № 708 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан шақыртылған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге жұмыстан шығу жәрдемақысы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алу орны (тұрғылықты жері) бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы ұсынған растайтын құжаттың негізінде төленеді.

4-параграф. Қызмет бойынша ауысу кезінде жол жүруге арналған шығыстарды төлеу үшін әскери қызметшіге ақшалай өтемақы төлеу

88. Курсантты және мерзімді қызметтегі әскери қызметшіні қоспағанда, әскери қызметшіні жаңа қызмет орнына басқа елді мекенге ауыстыру кезінде әскери қызметшінің өзіне және оның отбасы мүшелеріне қызмет бабымен ауысу орнына жол жүру шығыстарын төлеу үшін (әскери қызметшіге тиісті көлік құралы ұсынылған жағдайдан басқа) теміржолмен - ұсынылған жол жүру құжаттарының негізінде (жол жүру билеті) купе вагонының тарифі бойынша (жұмсақ дивандары төменде орналасқан, қалпын реттеу құрылғысымен отыруға арналған жұмсақ креслолары бар екі орындық купе (ҰВ) қоспағанда), су жолдарымен, тас және топырақ жолдармен (таксиді қоспағанда) жүру кезінде ақшалай өтемақы төленеді.

89. Әскери қызметшіге жаңа қызмет орнына шұғыл баруы қажет кейбір жағдайларда "Әскери қызметшілерге және олардың отбасы мүшелеріне әуе көлігімен мемлекет есебінен жол жүру құқығын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 562 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15699 болып тіркелген) сәйкес экономикалық сыныптың тарифі бойынша әуе көлігімен жол жүруге рұқсат етіледі.

5-параграф. Әскери қызметшіге коммуналдық қызметтерге арналған шығыстарды төлеу үшін ақшалай өтемақы төлеу

90. Коммуналдық қызметтерге арналған шығыстарды төлеу үшін ақшалай өтемақы төлеу жабық және оқшауланған әскери қалашықта тұратын адамдарды қоспағанда, келісімшарт бойынша әскери қызметшіге жүргізіледі.

Бұл ретте тиісті әскери бөлімнің (республикалық мемлекеттік мекеменің) тұрғын үй комиссиясы жыл сайын 20 қаңтарға дейін жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда тұратын әскери қызметшілердің тізімін қаржы бөлімшесіне ұсынады.

Бір жыл ішінде тізім түзетілген жағдайда тұрғын үй комиссиясы үш күн мерзімнен кешіктірмей әскери бөлімнің (республикалық мемлекеттік мекеменің) қаржы бөлімшесін хабардар етуді жүргізеді.

Ақшалай өтемақы әскери қызметшіге ағымдағы ай үшін ақшалай ризықты төлеумен бір уақытта төленеді.

91. Ақшалай өтемақы әскери қызметшінің әскери қызметте болуының барлық кезеңі үшін төленеді.

Әскери қызметшіге ақшалай өтемақы төлеу ол әскери қызметтен шығарылған кезде тоқтатылады.

92. Ақшалай өтемақының мөлшері тиісті қаржы жылына "Республикалық бюджет туралы" Заңға сәйкес айқындалады.

93. Ақшалай өтемақы төлеу туыстық қарым-қатынасына және бірге тұруына қарамастан, әр әскери қызметшіге жүргізіледі.

94. Әскери қызметші жұмыстан шығарылған (қайтыс болған) жағдайда ақшалай өтемақы ол әскери бөлім жеке құрамының тізімдерінен шығарылған күнге дейін төленеді.

6-параграф. Жарылу қаупі бар заттарды және өзге де жарылғыш құрылғыларды іздеу, тасымалдау, қатерсіздендіру және жою жөніндегі жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде әскери қызметшіге ақшалай өтемақы төлеу

95. Жарылу қаупі бар заттарды және өзге де жарылғыш құрылғыларды іздеу, тасымалдау, қатерсіздендіру және жою жөніндегі жауынгерлік міндеттерді орындау

кезінде әскери қызметшіге тәулігіне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтемақы төленеді.

96. Өтемақы төлеу командирдің (бастықтың) көрсетілген жұмыстарды тікелей орындаған күндері үшін жүргізіледі. Бұл ретте бұйрықта жарылу қаупі бар заттарды және өзге де жарылғыш құрылғыларды іздеу, тасымалдау, қатерсіздендіру және жою жөніндегі жауынгерлік міндеттерді орындаумен айналысатын әскери қызметшілердің тізімі және осы жұмыстарды жүргізу кезеңі көрсетіледі.

97. Өтемақы әскери қызметшіге командирдің (бастықтың) бұйрығы шығарылған соң төленеді.

7-параграф. Әскери қызметтен шығарылған кезде әскери қызметшіге ақшалай ризық төлеу

98. Әскери қызметтен шығарылған кезде ақшалай ризық мыналарға:

1) мерзімді қызметтегі әскери қызметшіден басқа, әскери қызметшіге, әскери бөлім (республикалық мемлекеттік мекеме) жеке құрамының тізімдерінен шығарылған күнге дейін;

2) мерзімді қызметтегі әскери қызметшіге, әскери оқу орнының курсантына, ол шығарылған ай үшін толық төленеді.

99. Шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіден басқа, әскери бөлім әскери қызметтен шығару туралы бұйрықты (хабарламаны) алған күні емдеу мекемесінде емделудегі әскери қызметшіге ақшалай ризық қызмет орнына қайтып келген күнді қоса алғанда, ал жыл сайынғы негізгі демалыстағы әскери қызметшіге демалыс аяқталған күнді қоса алғанда төленеді. Бұл ретте емделуге немесе демалысқа кеткенге дейін істері мен лауазымын тапсырмаған әскери қызметшіге ақшалай үлес Жарғыда белгіленген мерзімдер шегінде істері мен лауазымын тапсыру уақытына төленеді.

100. Қызметтен шығарылатын әскери қызметшіге берілген жыл сайынғы негізгі демалыс уақыты үшін ақшалай ризық әскери бөлім командирінің жыл сайынғы негізгі демалыс беру және оның ұзақтығы туралы бұйрығы негізінде демалыс аяқталған күнді қоса алғанда төленеді.

8-параграф. Зейнетақы алу құқығынсыз қызметтен шығарылған офицерге төлемдер

101. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткерген және әскери қызметтен әскери қызметте болудың шекті жасына толуы бойынша, денсаулық жағдайы бойынша немесе әскери бөлімнің (мекеменің) штаттарын қысқартуға байланысты, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне құқығынсыз қызметтен шығарылған офицерлер құрамының әскери қызметшісіне жұмыстан шығу жәрдемақысын (біржолғы) төлеумен қатар әскери қызметтен шығарылған күннен бастап бір жыл ішінде әскери атағы бойынша айлықақы төлеу сақталады.

Бұл ретте, егер көрсетілген мерзім ішінде әскери қызметшілерге әскери атағы бойынша айлықақылар арттырылса, тиісінше әскери қызметтен шығарылған офицерлер құрамының әскери қызметшілеріне төленетін осы айлықақылардың мөлшері де арттырылады.

102. Зейнетақы алу құқығынсыз Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарынан қызметтен шығарылған офицерлерге әскери атағы бойынша жалақы төлеуді бұған дейін әскери қызмет өткерген әскери бөлім (республикалық мемлекеттік мекеме) жүргізеді.

Көрсетілген төлемдерді есептеу бөлімнің (республикалық мемлекеттік мекеменің) жеке құрам тізімдерінен алып тастаған күннен бастап жүргізіледі.

8-1-параграф. Әскери қызметшіге (мерзімді әскери қызметтің қызметшісін, әскери оқу орнының курсантын және кадетін, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттіні, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшіні қоспағанда) далалық төлемдер

Ескерту. 4-бөлім 8-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 24.09.2025 № 708 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102-1. Әскери қызметшіге (мерзімді әскери қызметтің қызметшісін, әскери оқу орнының курсантын және кадетін, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттіні, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшіні қоспағанда) далалық төлемдер уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен, тұрақты тұрғылықты жерінен тыс орналасқан жеріне қарамастан, далалық шығуда (арнаулы далалық жұмыстарды қоспағанда), теңізге шығуда болғаны үшін, оқу-жаттығуларға немесе кемелердің жорықтарына қатысқаны үшін іссапар шығыстары төленбестен, тәулігіне 1,2 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүзеге асырылады.

102-2. Далалық төлемдер әскери бөлім (республикалық мемлекеттік мекеме) командирінің (бастықтың) далалық шығуды өткізу туралы бұйрығы негізінде төленеді. Бұл ретте төлем далалық шығу аяқтағаннан кейін және әскери қызметші әскери қызмет өткеру орнына оралғаннан кейін 7 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Бұйрықта әскери қызметшілердің далалық шығуда болу мерзімі көрсетіледі, әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және атқаратын лауазымы көрсетілген тізімі болады.

5-тарау. Ақшалай аттестаттар

103. Қызмет бабымен ауыстыру (оның ішінде бір мемлекеттік органнан екіншісіне), сондай-ақ еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлеу құқығымен әскери қызметтен

шығару кезінде әскери қызметшіге осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақшалай аттестат беріледі.

104. Ақшалай аттестат әскери қызметшіге әскери бөлімнің (мемлекеттік мекеменің) қаржы бөлімшесіне аралау парағын ұсынғаннан кейін беріледі.

Ақшалай аттестат әскери қызметшіге берілмеген жағдайларда оны әскери бөлім (республикалық мемлекеттік мекеме) жаңа қызмет орнына немесе тиісті жергілікті әскери басқару органына әскери қызметшіні әскери бөлімнің (республикалық мемлекеттік мекеменің) жеке құрамы тізімдерінен шығарған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жібереді.

105. Ақшалай аттестат әр қызметшіге жеке беріледі. Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерден тұратын команда одан әрі қызмет өткеру үшін бір әскери бөлімге (республикалық мемлекеттік мекемеге) толық құрамда жіберілген жағдайда топтық аттестат беруге болады. Топтық аттестатқа әскери қызметшілердің атаулы тізімі қоса беріледі. Атаулы тізім екі данада жасалады, олардың біреуі берілген аттестаттардың тізілімімен сақталады.

106. Ақшалай аттестаттар электрондық түрде толтырылады, оған әскери бөлімнің (республикалық мемлекеттік мекеменің) командирі (бастығы) және қаржы бөлімшесінің бастығы қол қояды, мөрмен расталады.

107. Ақшалай аттестат берілетін әскери қызметші онда көрсетілген жазбалардың дұрыстығын өз қолымен растайды. Ақшалай аттестат берілген аттестаттардың тізіліміндегі әскери қызметшінің қолхаты арқылы беріледі.

108. Жаңа қызмет орнына келген әскери қызметшіге ақшалай ризық берілген ақшалай аттестатта көрсетілген деректерге сәйкес төленеді.

Әскери қызметші ақшалай аттестатсыз келген әскери бөлім (республикалық мемлекеттік мекеме) ақшалай аттестатты оның бұрынғы қызмет орнынан дереу сұратады.

109. Әскери бөлім (республикалық мемлекеттік мекеме) ақшалай аттестатты алған соң үш жұмыс күнінен кешіктірмей, әскери қызметшінің бұрынғы қызмет орнына ақшалай аттестатқа растау жолдайды.

Қазақстан Республикасы
ішкі істер органдарының
әскери қызметшілеріне
ақшалай ризықты,
жәрдемақылар мен басқа да
төлемақыларды төлеу
қағидаларына
қосымша

№ _____ ақшалай аттестат

(кім берді)

(әскери атағы)

(аты, тегі, әкесінің аты (болған жағдайда))

төлемдердің мынадай түрлерімен қанағаттандырылғанын куәландырады:

1. 20__ ж. _____ бойынша _____ лауазымдық айлықақымен теңге есебінен

2. 20__ ж. _____ бойынша _____ әскери атағы үшін айлықақымен теңге есебінен

3. 20__ ж. _____ бойынша _____ үстемеақылармен (қосымшалармен) теңге есебінен

4. 20__ ж. _____ бойынша _____ өтемақы төлемдерімен теңге есебінен

5. _____

6. _____

7. _____

8. Барлығы _____

(сомасы жазбаша)

9. 20__ жылғы 1 қаңтарға әскери қызмет өтілі _____ жыл, _____ ай, _____ күнді құрайды:

10. 20__ жылғы демалыс _____

(пайдаланғанын, пайдаланбағанын көрсету)

11. Сауықтыруға арналған жәрдемақы _____

(төленген/төленбегенін көрсету)

12. Алименттер (басқа ұстаулар) бойынша _____ сот шешімі

20__ ж. "_____" _____. № _____ табыс сомасынан _____ % мөлшерінде
_____ пайдасына

(сомасы жазбаша)

20__ ж. "_____" _____ бойынша ұсталынды және аударылды.

Кесу сызығы

№ _____ ақшалай аттестатқа растау

Кімге жіберіледі

(ақшалай аттестат берген әскери бөлімнің (мекеменің) атауы)

(әскери атағы, аты, тегі, әкесінің аты)

№ _____ ақшалай аттестат ұсынылғанын растайды, оған сәйкес ол мынадай
есеппен

20__ жылғы "_____" _____ ақшалай үлеспен қанағаттандырылды:

Сырт жағы

Басқа

мәліметтер _____

13. _____ берешегі

бар.

(берешек түрін көрсету)

20 _____ ж. _____ дейін сомасы _____ теңге өндіріп алынуы.

және _____ мекенжайына жолдануы тиіс
(қайда аударылатынын көрсету)

14. 20 _____ ж. _____ бастап _____ карамағында тұр

15. Әскери қызметшінің деректемелері _____

_____ ЖСН, ағымдағы шоты, банктің атауы

Аттестат

_____ байланысты берілді.

М. О. Қолы: 1.

2.

Аттестатта көрсетілген деректер дұрыс деп санаймын _____

(қолы)

Кесу сызығы

Лауазымдық айлықақысы _____ теңге,

атағы бойынша айлықақысы

_____ теңге, үстемеақылар (қосымшалар)

_____ теңге, өтемақы төлемдері

_____ теңге, барлығы

_____ теңге

(сомасы жазбаша)

Ұстауға жататын сома _____

алименттерді (басқа ұстаулар)

төлеуге табысынан _____ " ____ " % мөлшерінде немесе _____ теңге.

М. О.

Қолы: 1.

2.